



**Құрманғалиқызы А.**  
**Жақсының аты өлмейді /Айша**  
**Құрманғалиқызы**  
**// Орталық Қазақстан. – 2000. – 1 сәуір**

Ғұлама ғалым, ірі қоғам қайраткері Евней Арыстанұлы Бөкетовтың туғанына 75 жыл толған мерейтой уақыт өткен сайын қырланып, тамырын тереңге жая түскен қазақ ғылымының торқалы тойы ретінде атап өтілді. Бұлай болуы заңдылық еді. Республика Ғылым Академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО Жазушылар одағының мүшесі Е.А.Бөкетов өзінің небары 58 жас ғұмырында еліміздің абыройын асқақтатып, өзгелермен терезесін тең еткізер ірі ғылыми жетістіктерге қол жеткізді.

Химия атты аса күрделі ғылым саласында үлкен жаңалық ашып, оны өзі өлердей сүйген елінің игілігіне айналдырды. Ол тек бір саламен шектелмей, көркем әдебиет, аударма, публицистика саласында ұланғайыр істер тындырды. 30-шы наурыз күні дара тұлғаның туғанына 75 жыл толуына арналған салтанатты жиналыста соның бәрін оның көзін көріп, ғылым әлеміндегі үлкен еңбегінің куәгерлері болған азаматтар көпшілік санасында тағы бір жаңғыртып өтті.

Салтанатты жиынды қала екімі Н.Филатов ашты. Одан соң КарМУ-дың ректоры, Ғылым Академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы Ж.С.Ақылбаев Е.А.Бөкетовтың өмірі, қызметі хақында баяндама жасады. Облыс әкімінің орынбасары Ж.С.Таласбеков сөз сөйлеп, ұлы Бөкетовтың тойын тойлаудың облыс үшін үлкен мақтаныш екенін атап көрсетті.

Сөз ғылым және білім министрінің орынбасары Е.М.Арынға берілгенде ол ғалым мерейтойын атап өтіп, оның еңбегі алдына бас иіп жатқан облыс халқына ризашылығын білдіре келіп, Е.А.Бөкетовтың бүгінде жинақталып тұрған бес томдық шығармаларын жарыққа шығаруға министрлік тарапынан көмек жасалатынын айтты. Бұл әрине, ғалымға қойылар ең бағалы ескерткіш еді. Сондықтан да вице-министрдің бұл сөзіне жиналған қауым қол соғып ризашылығын білдірді.

Ал бұдан соң сөз алған Қазақ мемлекеттік аграрлық институтының ректоры, экономика ғылымдарының докторы К.С.Сағадиев осыдан бес жыл бұрын Бөкетовтың 70 жылдығында баяндама жасағанын еске алып, ғалымның ербір мерейтойын тойлау қазақ елінің өсіп бара жатқан интеллектуальдық көкжиегін көрсететінін атап көрсетті. Одан кейін академик З.М.Молдахметов, ғалымның шәкірті, техника ғылымдарының докторы, профессор В.П.Малышев, ғалымның әріптес досы, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы СД.Досмағамбетовтер де қоғам қайраткерінің өміріндегі қилы да қызықты сәттері жайлы тебірене еңгімеледі.

Шынында да «Сүйер ұлың болса сен сүй, сүйенеріңе жарар ол» деп Абай айтқандай, осы бір жиын асылдарымызды бағалап, көкке көтерудің жалпы қауым үшін ғибраттық іс екенін делелдегендей.

Халық та осындай салиқалы еңгімелер айтылатын бас қосуларға шөлдеп қалғандай. Иін тірескен залдан орын тимей, біраз адам сыртта абыржып тұрды. Соған қуандық.

Buketov university